

## Сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымдарының меншікті капиталын есептеу тәртібі туралы нұсқаулықты бекіту жөнінде

### *Күшін жойған*

Қаулы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы 2000 жылғы 21 сәуірдегі N 150 Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2000 жылғы 21 маусымда тіркелді. Тіркеу N 1162. Нұсқаулықтың қолданылуы 2001 жылғы 1 шілдеге дейінгі мерзімге тоқтатылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2000 жылғы 29 желтоқсандағы N 482 қаулысымен. ~V001397 Қаулының күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2001 жылғы 20 сәуірдегі N 118 қаулысымен. ~V011527

Қазақстан Республикасы Президентінің "Сақтандыру туралы" U952475\_ Заң күші бар Жарлығының 35-бабының 2-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымдарының меншікті капиталын есептеу тәртібі туралы нұсқаулық бекітілсін және Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастап күшіне енгізілсін.

2. Сақтандыруды қадағалау департаменті (Құрманов Ж.Б.):

1) Заң департаментімен (Шәріпов С.Б.) бірлесіп осы қаулыны және Сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымдарының меншікті капиталын есептеу тәртібі туралы нұсқаулықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу шараларын қабылдасын;

2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастап он күндік мерзімде осы қаулыны және Сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымдарының меншікті капиталын есептеу тәртібі туралы нұсқаулықты барлық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің облыстық филиалдары мен мүдделі бөлімшелеріне жіберсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Төрағасы Г.А. Марченкоға жүктелсін.

Ұлттық Банк Төрағасы

Қазақстан Республикасы

Ұлттық Банк Басқармасының  
2000 жылғы 21 сәуірдегі  
N 150 қаулысымен  
Бекітілген

Сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымдарының  
меншікті капиталын есептеу тәртібі туралы  
НҰСҚАУЛЫҚ

1. Осы нұсқаулық Қазақстан Республикасы Президентінің "Сақтандыру туралы" U952475\_1995 жылғы 3 қазандағы Заң күші бар Жарлығына сәйкес әзірленді және сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымдарының меншікті капиталын есептеу тәртібін белгілейді.

2. Сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымдарының меншікті капиталы барлық активтердің құны ретінде сақтандыру резервтері мен міндеттемелерінің сомасын (кредиторлық қарызын) есептеп шығару арқылы анықталады.

3. Сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымдарының меншікті капиталын есептеуге қолданылатын активтер көлемі:

1) ақша:

кассадағы (Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп жөніндегі 18.11.1996 жылғы N 6 V960248\_ қаулысымен бекітілген Субъектілердің қаржылық - шаруашылық қызметінің бухгалтерлік есеп-қисап жүргізу есепшотының бас жоспарының 45-баланстық есепшоты);

банк есепшоттарында ұлттық валютамен (есепшот 44);

банк есепшоттарында шет ел валютасымен (есепшот 43);

банктердегі арнаулы есепшоттарда (есепшот 42);

жолдағы аударым ақша (есепшот 41);

2) ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді қаржылық инвестиция (есепшот 40 және 42), оның ішінде:

осы Нұсқаулықтың 4-тармағында тізбесі көрсетілген, сатып алу құны бойынша ескерілген халықаралық қаржы ұйымдарының құнды қағаздары;

("Standard&Poog'S" және "Fitch IBCA" жіктелуі бойынша) ("Moody's" жіктелуі

бойынша) "АА"-дан төмен емес немесе "Moody's" жіктелуі бойынша "Аа"-дан төмен емес кредиттік-рейтингтік бағасы бар, сату құны бойынша ескерілген шет мемлекеттердің мемлекеттік құнды қағаздары;

Қазақстан Республикасының мемлекеттік құнды қағаздары (оның ішінде басқа мемлекеттердің заңына сәйкес шығарылған), Қазақстан Республикасының жергілікті атқару органдары шығарған құнды қағаздардан басқасы - есептескен кезде сатып алу құнының 95 пайызы көлемінде ескеріледі;

жергілікті атқару органдары шығарып, "Қазақстан қор биржасы" жабық акционерлік қоғамының сауда жүйелеріне айналымға жіберілген және оған Қазақстан Республикасының Құнды қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы зейнетақы активтерін сату арқылы рұқсат берген Қазақстан Республикасының мемлекеттік құнды қағаздары - сату құнының 90 пайызы көлемінде есептеу барысында ескерілген;

жергілікті атқару органдары шығарып, "Қазақстан қор биржасы" жабық акционерлік қоғамының сауда жүйелеріне айналымға жіберілген, сату құнының 80 пайызы есептеу кезінде ескерілген Қазақстан Республикасының мемлекеттік құнды қағаздары;

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің екінші деңгейдегі банктердің халықаралық стандарттарға көшу тәртібі туралы нормативтік құқықтық актілерінің талаптарына сәйкес халықаралық стандарттарға көшетін банктердің бірінші тобына жатқызылған Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі мерзімді салымдар мен талап етілетін салымдар (оның ішінде шет ел валютасымен) - есептескен кезде салым мөлшерінің 90 пайызы көлемінде ескеріледі;

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің екінші деңгейдегі банктердің халықаралық стандарттарға көшу тәртібі туралы нормативтік құқықтық актілерінің талаптарына сәйкес халықаралық стандарттарға көшетін банктердің екінші тобына жатқызылған Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі мерзімді салымдар мен талап етілетін салымдар (оның ішінде шет ел валютасымен) - есептескен кезде салым мөлшерінің 80 пайызы көлемінде ескеріледі;

Резидент емес бас банктері Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі тізбесін бекітетін кез-келген рейтингтік агенттіктердің ішінен "А"-дан төмен емес ұзақ мерзімді, қысқа мерзімді және жеке рейтингтік бағасы бар еншілес банктердегі мерзімді салымдар мен талап етілетін салымдар (оның ішінде шет ел валютасымен) - есептескен кезде салым мөлшерінің 90 пайызы көлемінде ескеріледі;

"Қазақстан қор биржасы" жабық акционерлік қоғамының ресми тізіміне "А" категориясы бойынша енгізілген, (оның ішінде өзге мемлекеттердің заңдарына

сәйкес осындай құнды қағаздарға шығарылған) депозитарлық қолхаттар (ADR GDR), - сатып алу немесе ағымдағы құнының қайсысының аз болуына байланысты есептескен кезде 85 пайызы көлемінде ескерілетін мемлекеттік емес құнды қағаздар;

"Қазақстан қор биржасы" жабық акционерлік қоғамының ресми тізіміне "B" категориясы бойынша енгізілген, сату немесе ағымдағы құнының қайсысының аз болуына байланысты есептескен кезде 75 пайызы көлемінде ескерілген мемлекеттік емес құнды қағаздар;

ипотекалық құнды қағаздар - егер ондай қағаздар "Қазақстан қор биржасы" жабық акционерлік қоғамының сауда жүйелеріне айналымға жіберілсе және оған Қазақстан Республикасының Құнды қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы сатып алу немесе ағымдағы құнының қайсысының аз болуына байланысты есептескен кезде 85 пайызы көлемінде ескерілетін зейнетақы активтерін сатып алуға рұқсат берсе;

ипотекалық құнды қағаздар - егер ондай қағаздарды сату-алу немесе ағымдағы құнының қайсысының аз болуына байланысты есептескен кезде 75 пайыз көлемінде ескеріліп, "Қазақстан қор биржасы" жабық акционерлік қоғамының сауда жүйелеріне айналымға жіберілсе;

халықаралық ұйымдастырылған рыноктарда саудаланатын, ("Standard&Poog'S " және "Fitch IBCA" жіктелуінде) "AA"-дан төмен емес немесе ("Moody's" жіктелуі бойынша) "Aa"-дан төмен емес рейтинг бағалары бар, сатып алу немесе ағымдағы құнының қайсысының аз болуына байланысты есептескен кезде 90 пайызы көлемінде ескерілетін мемлекеттік емес құнды қағаздар;

сатып алу құнының 40 пайызы көлемінде ескерілетін басқа қаржылық инвестиция.

3) баланстық құнының 30 пайызы көлемінде - жер, үйлер мен ғимарат, машина және жабдық, көлік құралдары, сондай-ақ негізгі құрал-жабдықтардың басқа түрлері мен аяқталмаған күрделі құрылыстары бар негізгі құрал-жабдықтар (12-13 есепшоттар);

4) мерзімі бір жылдан аспаған қысқа мерзімді дебиторлық қарыз (30-33 есепшоттар) - қарыз сомасының 40 пайызы көлемінде;

5) мерзімі үш жылдан аспаған ұзақ мерзімді дебиторлық қарыз (30-33

есепшоттар) - қарыз сомасының 10 пайызы көлемінде;

6) басқа активтер (10, 11, 14, 20, 21, 22, 31, 32, 34, 35 есепшоттар), сондай-ақ мерзімі үш жылдан асқан дебиторлық қарыз меншікті капиталдың есебіне қабылданбайды.

4. Сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымдарының меншікті капиталының

мөлшерін есептеген кезде ескерілетін халықаралық қаржы ұйымдарының тізбесіне, құнды қағаздарға осы Нұсқаулықтың 3-тармағына сәйкес мыналар кіреді:

- 1) Халықаралық қайта құру және даму банкі;
- 2) Еуропалық қайта құру және даму банкі;
- 3) Америкааралық даму банкі;
- 4) Халықаралық есеп айырысу банкі;
- 5) Азия даму банкі;
- 6) Африка даму банкі;
- 7) Ислам даму банкі;
- 8) Халықаралық қаржы корпорациясы.

5. "Қазақстан қор биржасы" жабық акционерлік қоғамының сауда алаңдарында саудаланған құнды қағаздардың ағымдағы құны соңғы мәміленің немесе есеп берілген күнгі сұранымның соңғы бағасының нәтижесі бойынша белгіленеді.

6. Басқа мемлекеттердің сауда алаңдарында саудаланған құнды қағаздардың ағымдағы құнының соңғы мәміленің немесе есеп берілген күнгі сұранымның соңғы бағасының ең аз бағасы бойынша белгіленеді.

7. Шет ел валютасымен белгіленген актив құны Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің есеп берілген күнгі бағамымен бағаланады.

8. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының барлық активтерінің құны осы Нұсқаулықтың 3-тарауында көрсетілген көлемде бағаланады. Осылайша анықталған активтердің құны кейіннен осы Нұсқаулықтың 2-тармағына сәйкес сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының меншікті капиталының мөлшерін есептеу үшін қолданылады.

9. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының меншікті капиталының мөлшері жөнінде оның есебі бойынша қажетті ақпаратты көрсете отырып, сақтандыруды қадағалаудың уәкілетті мемлекеттік органына ай сайын есеп беру нысанына сәйкес (осы Нұсқаулыққа қосымша) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес сақтандыруды қадағалаудың уәкілетті мемлекеттік органы белгілеген өзге де тұрақты беріліп тұратын есеппен бірге ұсынылады.

Төраға

Қазақстан Республикасының

Ұлттық банкі басқармасының  
2000 жылғы 21 сәуірдегі  
N 150 қаулысымен бекітілген  
"Жеке капиталды есепке алу  
тәртібі туралы" нұсқаулыққа  
қосымша

Меншікті капиталды есептеу жөніндегі есеп

\_\_\_\_\_ жылғы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ жағдай бойынша

\_\_\_\_\_

(сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының толық атауы

(мың теңге)

---

N	Активтердің атауы	Есепшот	Баланс	Ескерілетін	Меншікті
p/c	нөмірі	сомасы	көлемі	капитал	
			есебінің		
			сомасы		

---

1 Ақша:

- кассада	45	100%
- банк есепшоттарындағы ұлттық валютамен	44	100%
- банк есепшоттарындағы шетелдік валютамен	43	100%
- банктердегі арнаулы есепшоттарда	42	100%
- жолдағы ақша аударымы	41	100%

---

2 Ұзақ мерзімді және қысқа

мерзімді қаржы инвестициялары: 40,42

- халықаралық қаржы

ұйымдарының құнды қағаздары 100%

- ("Standard&Poog'S" және "Fitch IBCA" жіктелуі бойынша)

("Moody's" жіктелуі бойынша)

"AA"-дан төмен емес немесе

"Moody's" жіктелуі бойынша

"Aa"-дан төмен емес кредиттік-

рейтингтік бағасы бар, сату

құны бойынша ескерілген шет

мемлекеттердің мемлекеттік

құнды қағаздары 100%

- Қазақстан Республикасының

мемлекеттік құнды қағаздары

(оның ішінде басқа мемлекеттердің

заңына сәйкес шығарылған),

Қазақстан Республикасының

жергілікті атқару органдары

шығарған құнды қағаздардан

басқасы 95%

- жергілікті атқару органдары

шығарып, "Қазақстан қор биржасы"

жабық акционерлік қоғамының

сауда жүйелеріне айналымға

жіберілген және оған Қазақстан

Республикасының Құнды қағаздар

жөніндегі ұлттық комиссиясы

зейнетақы активтерін сату

арқылы рұқсат берген Қазақстан

Республикасының мемлекеттік

құнды қағаздары 90%

- жергілікті атқару органдары

шығарып, "Қазақстан қор биржасы"

жабық акционерлік қоғамының

сауда жүйелеріне айналымға

жіберілген Қазақстан

Республикасының мемлекеттік

кұнды қағаздары	80%
- Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің екінші деңгейдегі банктердің халықаралық стандарттарға көшу тәртібі туралы нормативтік құқықтық актілерінің талаптарына сәйкес халықаралық стандарттарға көшетін банктердің бірінші тобына жатқызылған Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі мерзімді салымдар мен талап етілетін салымдар (оның ішінде шет ел валютасымен)	90%
- Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің екінші деңгейдегі банктердің халықаралық стандарттарға көшу тәртібі туралы нормативтік құқықтық актілерінің талаптарына сәйкес халықаралық стандарттарға көшетін банктердің екінші тобына жатқызылған Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі мерзімді салымдар мен талап етілетін салымдар (оның ішінде шет ел валютасымен)	80%
- Резидент емес бас банктері Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі тізбесін бекітетін кез-келген рейтингтік агенттіктердің ішінен "А"-дан төмен емес ұзақ мерзімді, қысқа мерзімді және жеке рейтингтік бағасы бар еншілес банктердегі мерзімді салымдар мен талап етілетін салымдар (оның ішінде шет ел валютасымен)	90%
- "Қазақстан қор биржасы" жабық акционерлік қоғамының ресми	



тізіміне "А" категориясы бойынша енгізілген, (оның ішінде өзге мемлекеттердің заңдарына сәйкес осындай құнды қағаздарға шығарылған) депозитарлық қолхаттар (ADR GDR), - мемлекеттік емес құнды қағаздар	85%
- "Қазақстан қор биржасы" жабық акционерлік қоғамының ресми тізіміне "В" категориясы бойынша енгізілген, мемлекеттік емес құнды қағаздар	75%
- ипотекалық құнды қағаздар - егер мұндай құнды қағаздар "Қазақстан қор биржасы" жабық акционерлік қоғамының сауда жүйелеріне айналымға жіберілсе және оған Қазақстан Республика. сының Құнды қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы сатып алуға рұқсат берсе	85%
- ипотекалық құнды қағаздар - егер мұндай құнды қағаздар "Қазақстан қор биржасы" жабық акционерлік қоғамының сауда жүйелеріне айналымға жіберілсе	75%
- халықаралық ұйымдастырылған рыноктарда саудаланатын, ("Standard&Poog'S" және "Fitch IBCA" жіктелуінде) "AA"-дан төмен емес немесе ("Moody's" жіктелуі бойынша) "Aa" - дан төмен емес рейтинг бағалары бар құнды қағаздар	90%
- басқа қаржы инвестициялары	40%

---

3 Жер, үйлер мен ғимарат, машина  
және жабдық, көлік құралдары,  
сондай-ақ негізгі құрал-

жабдықтардың басқа түрлері мен аяқталмаған күрделі құрылыс	12-13	30%
--	-------	-----

---

4 Мерзімі бір жылдан аспайтын қысқа мерзімді дебиторлық қарыз	30,33	40%
--	-------	-----

---

5 Мерзімі үш жылдан аспайтын қысқа мерзімді дебиторлық қарыз	30,33	10%
---	-------	-----

---

6 Басқа активтер:

- материалдық емес активтер	10-11	0%
-----------------------------	-------	----

- еншілес, тәуелді және бірге

бақылауда болатын заңды тұлға.

ларға салынған инвестициялар	14	0%
------------------------------	----	----

- тауарлы-материалды қорлар	20,21	
	және 22	0%

- күмәнді қарыз бойынша резерв	31	0%
--------------------------------	----	----

- еншілес, тәуелді және бірге

бақылауда болатын заңды тұлғалар.

дың қысқа және ұзақ мерзімді

дебиторлық қарызы	32	0%
-------------------	----	----

- үш жылдан асқан ұзақ мерзімді

дебиторлық қарыз	30,33	0%
------------------	-------	----

- алдағы уақыттың шығындары	34	0%
-----------------------------	----	----

- берілген аванс	35	0%
------------------	----	----

7 Активтер жиыны:	X	X
-------------------	---	---

---

(мың теңге)

---

N	Сақтандыру резервтері мен р/с міндеттемелері	Есепшот нөмірі	Баланс сомасы
---	---	-------------------	------------------

---

Сақтандыру резервтері:

- сақтандырудың міндетті түрлері  
бойынша

- сақтандырудың ерікті түрлері бойынша
- өмірді сақтандыру бойынша

---

8 Сақтандыру резервінің жиыны X

---

Міндеттемелері

- алынған кредиттер 60
- алдағы уақыттың кірісі 61
- дивидент бойынша есеп айырысу 62
- бюджетпен есеп айырысу 63
- еншілес, тәуелді және бірге бақылауда болатын заңды тұлғалардың кредиторлық қарыздары 64
- бюджеттен тыс төлемдер бойынша есеп айырысу 65
- алынған аванс 66
- жеткізушілермен және мердігерлермен есеп айырысу 67
- басқа кредиторлық қарыздар ақша есептеу 68

---

9 Міндеттемелер жиыны X

---

10 Сақтандыру резервтері мен міндеттемелері жиыны X

---

(мың теңге)

---

N Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының меншікті р/с капиталының есебі Сомасы

---

11 Осы нұсқаулықтың 3-тармағының талаптарын ескере отырып есептелген актив құны (Осы кестенің 7-қатары)

---

12 Сақтандыру резерві (Осы кестенің 8-қатары)

---

13 Міндеттемелері (Осы кестенің 9-қатары)

---

14 Меншікті капитал (11-қатар алу және  
12 және 13 қатарлар)

---

Басшы

Бас бухгалтер

Оқығандар:

Омарбекова А.Т.

Балабекова Г.Г.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК